

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Казахский национальный университет им. аль-Фараби



Филология ғылымдарының докторы, профессор Г.Б. Мәдиеваның
ғылыми-педагогикалық қызметінің 35 жылдығына арналған

**«ФИЛОЛОГИЯ МЕН ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ
ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»** атты

IV Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

26 қаңтар 2018 ж.

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

IV Международной научно-методической конференции

**«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ФИЛОЛОГИИ
И МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ИНОСТРАННЫХ
ЯЗЫКОВ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**,

посвященной 35-летию научно-педагогической деятельности
доктора филологических наук, профессора Г.Б. Мадиевой

26 января 2018 г.

COLLECTED PROCEEDINGS

of IV International scientific-methodical conference

**“TOPICAL ISSUES OF PHILOLOGY AND METHODS
OF FOREIGN LANGUAGE TEACHING:
THEORY AND PRACTICE”**

devoted to the 35th anniversary of the scientific and
pedagogical activity of the Doctor of Philology,

Professor G.B. Madiyeva

26 January 2018

Редакционная коллегия:
А.М. Досанова, Г.А. Боробаева, А.Т. Элиакбарова

Актуальные вопросы филологии и методики преподавания иностранных языков: теория и практика: сборник материалов IV Международной научно-методической конференции. 26 января 2018г. – Алматы: Қазак университеті, 2018. – 342 с.

ISBN 978-601-04-3188-1

Сборник материалов конференции подготовлен на факультете филологии и мировых языков Казахского национального университета имени аль-Фараби. Все публикации даются в авторской редакции, авторы несут ответственность за содержание статей. Редакция не всегда разделяет мнение авторов и не несет ответственности за недостоверность публикуемых данных.

Ертарғынова А.Е. Оралхан Бөкей шығармаларындағы «Атамекен» концептісі	219
Иса Г.И. Сәулет дискурсындағы метафора тіркестер	222
Koilybayeva A.N., Amangaliyev A.A Integrated language teaching and learning principles	225
Койлыбаева А.Н., Конкаева Р.К., Омаров М.К. Реализация принципов развивающего обучения на занятиях иностранного языка	229
Дюсекенева И.М. Отражение категория аспектуальности в языковом сознании	232
Сахариева Н. Қазақ тіліндегі дипломатия саласы терминдерінің тілдік бейімделуі	234
Кортабаева Г.К. Түркі халықтарына ортақ юморлық бейнелер	236

МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ АУДАРМАТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Актуальные проблемы межкультурной коммуникации и переводоведения

Topical problems of intercultural communication and translation studies

Кирилина А.В. Гендерные модели современной России	242
Нарожная В.Д. Межкультурная коммуникация в условиях современного полилингвального общения	244
Мурзалина Б.К. Тенденция изменений в коммуникативном ядре русского лексикона	249
Харанутова Д.Ш. Полисеманты как отражение этнокультурных процессов (на материале бурятского разговорного языка)	252
Момынова Б.Қ. Тілдегі гибриді сөздер: жазба тілдік ерекшеліктері, модельдері	256
Алимхан А.А. Әдеби антропонимдердің қолданыстық сипаты	260
Баяндина С.Ж. Образовательная функция перевода в контексте межкультурной коммуникации	264
Bekisheva R.M. Linguistic Personality as a Subject of Intercultural Communication	268
Moldassanova A.A., Bekisheva R.M., Esmanova N.M. Intercultural Communication and Acculturation	271
Mukhanbetzhanova R.S. Peculiarities of French Advertising Texts of Food and Drinks	274
Sadybekova S.I. Tashenova Zh.A. Formation of Students' Ability to Intercultural Communication in Integrated Language and Culture Learning	277
Yermakova V.A. Issues of Macro and Micro Structure of Terminological Dictionary for it Students	280
Bavdinov R.R., Kuvanbakiyeva A.N. Issues on Bilingual Education in Xinjiang Uyghur Autonomous Region of the People's Republic of China	283
Рахматулина А.Р. Cultural dimensions	288
Тагвиашвили Н.С., Сулейманова С.А. Развитие междисциплинарных связей в создании заголовков статей в современной прессе	291
Таусоғарова А.Қ., Бектемірова С.Б. Атрибуция міндеттері шешімінде тілдік тұлға сәйкестілігінің лингвистикалық талдауы	296
Жапбаров Н.А., Мадипбаева С.К. Социо-культурные проблемы перевода в аспекте межкультурной коммуникации	300
Велиева А.Т. К проблемам межкультурной коммуникации (на примере казахского, немецкого и китайского этносов)	302
Ли Ин Деловой дискурс в аспекте межкультурной коммуникации	307
Сержан М. Қазақ тіліндегі коммуникацияның ерекшеліктері лингвистикалық және мәдени аспектілер	310
Чимитов Л.Л., Бардамова Е.А. Становление представлений о пустоте в языке и культуре	314
Койшигулова Д.М. Ток-шоудың вербалды интерактілігі	318
Бекжанова А.Б. Мерзімді баспасөздегі этностереотиптердің тілдік көрінісі	323
Шормақова А.Б. Қазақ тіліндегі <i>тобылғы</i> атауының лингвомәдени семантикасы	326
Куралова А. Медиасөйлеу мәдениеті	329

Общей чертой для этих инструментов влияния является воздействие на бессознательное читателя, путем вождения в состояние транса. Оба метода направлены на нейронный уровень восприятия речи.

Примеры, рассмотренные в данном исследовании, доказывают, что укрепление междисциплинарных связей позволяют СМИ целенаправленно использовать методы влияния на уровне психолингвистики и нейролингвистики, что способствует общему устойчивому развитию журналистики как отрасли научного знания.

Литература:

1. Лурия А. Р. Основные проблемы нейролингвистики. – М.: МГУ, 1975. – 49 с.
2. Кибрик А. Е. Лингвистические постулаты // Уч. зап Тарт. ун-та. – Вып. 621. – Тарту, 1983. – 28 с.
3. Анвар Бакиров. Разговорный гипноз. – М. «Эксмо», 2013г. – 238 с.
4. Евгений Фоминых. Неизлечимо...здоров // Общественно-политическая газета «Время»
5. Валентин Дьяконов. Отрицательный вопрос // Газета "Коммерсантъ" №179 от 03.10.2014. – 14 с.
6. Алла Шендерова. Гвоздь в конце тоннеля // Газета "Коммерсантъ С-Петербург" №180 от 06.10.2014. – 15 с.
7. Леле Савери. Там где драки зимуют // журнал «Эсквайр Казахстан» №1(64), февраль 2014. – 24 с.
8. Полина Еременко. Сходить с шума // журнал «Эсквайр Казахстан» №4(67), май 2014. - 42 с.
9. С. Амодт, С. Вонг. Тайны нашего мозга, или почему умные люди делают глупости? – М., «Эксмо», 2012г. –
10. Казбек Сырымов. Госзакупки // Общественно-политическая газета «Время» №66 (1808) 13 мая, 2014г.
11. Виктор Мирошниченко. Клиника - не божьеубежище // Общественно-политическая газета «Время» №73 (1815)
12. Татьяна Шумилина. Кладнокровные люди // журнал «Алау Казахстан» №1(4) январь 2013. – 50 с.
13. Максим Калач. Объединиться, что бы размежеваться // журнал «Алау Казахстан» №1(4) январь 2013. – 8 с.
14. Владимир Кутахо, корр. ИТАР-ТАСС в Сеуле. Невозможная возможность // журнал «Алау Казахстан» №5(8) май 2013г. – 22 с.
15. Рашид Гарипов. Все устроены одинаково, а устраиваются по-разному // Общественно-политическая газета «Время» №126 (1868) 28 августа 2014г.
16. Наталья Буравцева. Трое на бюллетене, четверо в отпуске, или Хотели как лучше...// Республиканская газета «Караван» №39, 13 сентября 2014г.
17. Лурия Л.Р. Язык и сознание. Под редакцией Е.Д. Хомской. Ростов н/Д: издательство «Феникс», 1998г. – 40 с.
18. Рашид Гарипов. Думать раньше поздно не бывает // Общественно-политическая газета «Время» №173 (1875) 11 сентября 2014г.



АТРИБУЦИЯ МІНДЕТТЕРІ ШЕШІМІНДЕ ТІЛДІК ТҮЛҒА СӘЙКЕСТІЛІГІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Таусогарова А.Қ., Бектемірова С.Б.
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
aiaurhan@mail.ru, saule.bektemirova77@gmail.com

This article is devoted to a problem of identification of the language personality. Also in article the term definition identification is analyzed, the ratio idiostilia and identifications is considered.

Key words: plagiarism, the anonymous author, pseudonym, attribution of the text, legal – criminalistics

Тілдік тұлғаны сөзі арқылы сәйкестендіру плагиат, анонимді, псевдонимді шығармалар жағдайындағы мәтін атрибуциясы, сондай-ақ заңгерлік-криминалистика саласында сөзі арқылы белгісіз тұлғаға байланысты болжам жасау сияқты көптеген мәселелер шешімінде маңыздылыққа ие болып отыр.

Ауызша және жазбаша сөзі арқылы тілдік тұлғаның сәйкестілігін жүзеге асыру тұрғысындағы ғылыми зерттеулердің қайнар көзі туралы мынандай пікір білдірілген: «Өткен ғасырдың 80-жылдарында отандық лингвистика, Ю.Н. Караулов және оның ізбасарларының айтарлықтай дәрежеде күш салуымен адам және тіл қатынасын талдауда жаңа прагматикалық бағытты ашты. Адамның тілдік (сөзі, сөйлеу) әрекетін зерттеудің кең ауқымдарын ашатын «әр мәтіннің сыртында тілдік тұлға тұрады / за каждым текстом стоит языковая личность» деген ұран прагмалингвистиканың жалауы етілді, ал оның іргетасы В. Гумбольдт, жас грамматистер, Бодуэн де Куртене және Л. В. Щерба еңбектерінде салынды» [1, 5].

Ауызша және жазбаша сөзі арқылы тілдік тұлғаның сәйкестілігін жүзеге асыру тұрғысындағы ғылыми зерттеулер, жоғарыда көрсетілгендей, «адам және тіл қатынасын талдаудағы жаңа прагматикалық бағыт» аспектісінде қарастырылуымен бірге, тарихи тұрғыдан алғашқыда филологиялық пәнде – текстологияда көркем мәтінге авторлықты анықтау –мәтін атрибуциясы барысында жазбаша мәтінді зерттеуде, және криминалистік сипаттағы анонимді мәтіндердің авторын немесе оны орындаушыны, немесе жазбаша мәтіннің жасырын авторын анықтауда аса маңызды болғанын аңғарамыз. Өйткені ғалым Ю.Н. Караулов талдаған тілдік тұлғаның деңгейлік моделі, В.А. Маслова еңбегінде көрсетілген тілдік тұлға мазмұнына енетін компоненттер өзіндік психикаға, санаға ие тұлға тарапынан өңделіп, сол тілдік тұлғаға тән индивидуалдық ерекшеліктер жиынтығын түзеді және олар, өз кезегінде, ауызша және жазбаша сөйлеуде қолданысқа түсуі барысында сол тұлғаны сәйкестендіруге қызмет ете алады деп ойлаймыз.

Адамның тілдік санасында құрылымданатын дүниетанымдық, рухани құндылықтар негізіндегі түсініктері, пайымы, білім деңгейі тұрғысынан ерекшеленетін индивидуум ретіндегі сипаты оның ауызша сөзінде (сөйлеуінде) және жазбаша тілінде көрініс беріп, оны тілдік тұлға тұрғысынан тануға қызмет етеді. Ал тілдік тұлғаны «өзіндік мінез, мүдде, қағидалары мен қалауы бар индивидуум» ретінде оның өз сөзі арқылы сәйкестендіруді қарастыру атрибуция мәселелерінің шешіміне қызмет етеді.

Жалпы тұлғаны сәйкестендірудің көп бағытта жүргізілетіні белгілі болып отыр. Тұлғаның «жеке адамның нақты бір *Этноспен, Тілмен, Мәдениетпен, мемлекетпен, кәсіппен* және т.б. өзін теңдестіруі» тұрғысындағы сәйкестілігінен бөлек, Э. У. Бабаева келесі сәйкестіліктер туралы жазады: «Тұлға сәйкестілігі көптеген белгілер бойынша жүргізіледі. Ол белгілерді негізінен, екі топқа бөлуге болады: 1) адамның биологиялық объект ретінде танылуына орай белгілері (папиллярлы сызықтарының өрнектері, антропологиялық сипаттары, қан, сілекей құрамы және т.б.); 2) адамның оқу, үйрену үдерістері барысында иеленген икем, әдет және дағды белгілері (ауызша және жазбаша сөзі, жазуы және т.с.с.)» [2, 76].

Зерттеуші тарапынан көрсетілген бұл белгілердің ішінде «адамның оқу, үйрену үдерістері барысында иеленген икем, әдет және дағды белгілері», нақты айтқанда, ауызша және жазбаша сөзі бойынша жазудағы, сөйлеудегі әдет, дағдылары белгілері бойынша тілдік тұлғаны сәйкестендіру анонимді немесе псевдонимді мәтін авторын анықтау, я бірнеше авторлар арасында анықталған мәтінге авторлық дауы туындаған жағдайда шынайы авторды анықтау міндетін алға қоятын лингвистер мен әдебиеттанушылар үшін маңызды болып табылады.

Мәтін авторын анықтаумен байланысты автортанымдық сараптаманың я атрибуцияның екі түрлі ұстанымы Г.Г. Матвеева [3], сондай-ақ М. А. Грачев еңбектерінде [4] көрсетіледі: 1) авторы даулы шығарма мен авторы белгілі түпнұсқаға салыстырмалы талдау жасау тұрғысындағы сәйкестендіру (идентификация); 2) авторы белгісіз шығарманың авторы тұрғысында болжам жасау (диагностирование). Сондай-ақ, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасауда стилистикалық белгілердің мөлшері мен құрамы сияқты талдау бірліктерінің маңыздылығы көрсетіледі [4, 85]. Мұнда сәйкестендіру үдерісінің тек даулы шығарма мен дұрыс нұсқалар арасындағы салыстырмалы талдауында ғана емес, авторы белгісіз шығарманың авторы тұрғысында болжам жасауға бағытталатын екінші жағдайда да маңызды екенін айтуға болады. Себебі авторы белгісіз мәтін немесе сөз арқылы тілдік тұлғаға болжам жасау сәйкестендіру үдерісінсіз мүмкін емес. Бұл мәселені айқын түсінуде мына пікір маңызды: «Адамды фонетикалық ерекшеліктері бойынша (мәселен, эзирбайжандық сөзінде «*да-а-а*» түрінде созылыңқы айтылса, украиндық [г] фрикативті қолданады), сондай-ақ лексикалық ерекшеліктері бойынша (мысалы, ғалымдардың лексикасында *следовательно, по всей вероятности, можно сделать вывод* түріндегі қыстырма сөздер, өзіне тән штамптар жиі қолданылады), өзіне тән морфологиялық белгілері бойынша (мысалы, Нижегород облысында «Сколько время?» - «Без десять восемь» түріндегі әдеттегі қателіктері бар фразаны жиі есітуге болады) сәйкестендіруге болады» [4, 86].

Атрибуция үдерісі тікелей мәтінді талдаумен және оның нәтижелерімен байланысты. Өйткені авторлығы даулы шығармалардың мәтіндерін талдау арқылы автор тілінің өзіне тән ерекшеліктерін анықтап, оның нәтижелерін, яғни сол алынған тілдік мәліметтерді барлық болжам жасалып отырған авторларға тән тілдік белгілермен, стилдік ерекшеліктермен салғастыруға болады.

Ғылыми әдебиеттер мен сөздіктерде атрибуцияға байланысты мынандай анықтама берілген: «атрибуция (от лат. *attributio* — телу) — анонимді немесе псевдонимді шығармалардың авторын анықтау. Және атрибуция мәтінтану (текстология) саласының ең көне мәселелерінің бірі болып табылатынын ежелгі дәуірлердің өзінде-ақ «Илиада» және «Одиссея» жырларының авторы Гомер екендігіне байланысты күман тууымен түсіндіріледі. Ал XIX ғасырдың ортасында қарапайым актердің осыншалық ұлы трагедияларды тудыруы тұрғысындағы күмандарға орай орын алған «шекспир мәселесі» де атрибуцияның аса қажетті ғылыми феномендердің бірі екенін көрсетеді.

Атрибуция немесе даулы мәтінге авторлықты анықтау тарих ғылымдарындағы деректану теорияларымен ғана емес, тікелей тіл білімі салаларымен, атап айтқанда, мәтінтанумен, стилистикамен, қолданбалы лингвистика, әлеуметтік және психолингвистикамен тығыз байланысты.

Жалпы атрибуция деректану, мәтінтану тұрғысынан терең зерттеулерді қажет етуіне орай аса күрделілігімен, аса ауқымды жұмыс көлемімен танылады деуге болады.

Анонимді немесе псевдонимді шығармалардың авторын анықтау үшін я атрибуция шешімі үшін қажетті мәліметтер сол шығармалар мәтіндерінің мазмұнынан алынады. Мұнда анонимді я псевдонимді шығарма авторының атрибуциясында оның идеологиялық ерекшеліктері тұрғысынан сәйкестендіре зерттеу өз нәтижелерін береді деуге болады. Әрине, бұл жағдайда сол дәуірдің саяси-идеологиялық, қоғамдық-идеялық қағидаларымен анонимді я псевдонимді шығарма авторының да идеологиялық ұстанымдары, көзқарастары мен пікірлері ұштас жатуы заңды. Алайда бұл атрибуция үшін айтарлықтай кедергі тудырмауы мүмкін. Себебі сол аталмыш дәуірдегі саяси-идеологиялық, қоғамдық-идеялық бағыттар түрлі аспектілерді камтып, түрлі тұлғалар тарапынан түрліше қарастырылуы мүмкін. Бірнеше автордың я тілдік тұлғаның бір ғана идеологиялық мәселе төңірегіндегі ұстанымдары өзара сәйкес болғанымен, сол ұстанымын я идеологиялық мәселені тілдік жағынан жеткізу өресі және автордың білімі, тәжірибесі, әлем бейнесін түйсінудегі индивидуалдық, менталдық ерекшеліктерімен тығыз байланысты рәсімделетін мазмұндық өресі жағынан ажыратылуы сөзсіз. Яғни, автордың идеологиялық ұстанымын тілдік жағынан

қарастыру өз нәтижелерін береді. Бұл ойымызды мына пікір де бекіте түседі: «Тілден тікелей адамның өзі туралы, оның ішінде, оның менталдық аясы, оның сыртқы ғана емес, сонымен бірге ішкі әлемді түйсінудің категориалдау, концептуалдау және интерпретациялау ерекшеліктері жөнінде білуге болады» [5, 80].

Сондықтан анонимді я псевдонимді шығарма авторының атрибуциясы үдерісінде оны идеологиялық ерекшеліктері тұрғысынан зерттеу белгілі бір дәрежеде даулы шығарма мәтініне концептуалдық талдау жасаумен де ұштасады.

Концептуалдық талдау – лингвистикада 1980 жылдары пайда болған жаңа бағыт. Ол тілдің мәнісін тұлғамен, оның менталитетімен, мәдениетімен, ұлттық ерекшеліктерімен т.с.с. байланыстыруға мүмкіндік береді. Концептуалдық талдау адамға өзі туралы басқа ешқандай дереккөздерден біле алмайтын нәрселерді айтуына мүмкіндік береді. Бұл тілдің өз бойына елеусіз түрде практикалық сананы, тәжірибе мен білімді сіңіріп, оны көрсете алуымен түсіндіріледі [6, 141].

Тұлғаның идеологиялық ұстанымдары төңірегінде көрініс табатын өзіндік ақыл-ой түйсінуді, менталитеті, білімі мен тәжірибесі негізінде анықталатын концептуалды-индивидуалдық белгілерінің тілдік жиынтығы оны сәйкестендіруге мүмкіндік тудырады.

Жалпы қоршаған әлемді танып, түйсінуде әрбір мәдениетке өзіндік индивидуалдық амалдар тән болатыны сияқты тілдік тұлғаның да әлем бейнесі туралы түсініктерінде жалпы ұлттық, әлеуметтік негіздермен бірге, өзіндік тілдік санасы тұрғысынан тұжырымдалған индивидуалдық бейнесі жасалады. Және тілдік тұлғаның санасында тұжырымдалған осы әлем бейнесі оның сөзінен көрініс берумен бірге, оның индивидуалдық сипаттарын ашып, сәйкестілік және атрибуция жағдайында өзіндік үлесін қосады деуге болады.

«Өзіндік мінез, мүдде, қағидалары мен қалауы бар индивидуум» ретіндегі сипаттарды да қамтитын тілдік тұлға ұғымының бүгінгі күні филология ғылымында мейлінше кең. Тілдік тұлға ұғымының поэтикалық тіл теориясынан орын алуы автор стилінің индивидуалдығымен, өзіне тән индивидуалдық стиль жасауына байланысты автордың оқырман санасында индивидуалдануымен байланысты. Байқағанымыздай, жалпы және жеке индивидуалдық сөйлеу ерекшеліктерін зерттеу мақсатын көздейтін поэтикалық тіл негізіндегі идиостиль, идиолект ұғымдары да белгілі бір дәрежеде автордың идеялық-эстетикалық ұстанымдарын, өз ойын жеткізуде ұлттық тіл құралдарын екшеп қолдану ерекшеліктері тұрғысындағы индивидуалдық сипаттарын қамтуына орай тілдік тұлғаның құрылымдық компоненттерін құрайды. Және біздің ойымызша, поэтикалық тіл теориясынан ғана емес, идентификация және атрибуция мәселелерінің шешімінде орын алады.

Тілдік тұлға және сәйкестілік ұғымдары мен *идиолект*, *идиостиль* терминдерінің өзара байланыстылығы мына пікірден де аңғарылады: «Индивидуалдық тілдік шығармашылық мәселелеріне көңіл бөлу күнен күнге артып келеді. Сондықтан *идиолект*, *идиостиль*, *автор бейнесі*, *мәтін авторы*, *сөйлеу портреті (речевой портрет)* сияқты терминдердің арақатынасы мамандар назарына түсіп тұр. Оның ішінде, «идиолект» және «идиостиль» ұғымдары зерттеушілер тарапынан бірыңғай анықталмайды, соның салдарынан «тіл», «мәтін», «тілдік тұлға» ұғымдарымен арақатынасы түрлі қатарлардан орын теуіп тұр» [7, 2006.]. Демек, идиолект және идиостиль терминдерінің тілдік тұлға сәйкестілігінде өзіндік орны бар екені сөзсіз. Өйткені тілдік тұлғаның идиолект және идиостиль негізінде сипатталатын индивидуалдық сипаттарын тұлға сәйкестігі мен мәтін атрибуция үшін нысан ете аламыз.

Идиолект және идиостиль ұғымдары өзара ажыратылмай В. В. Виноградов тарапынан «сол тілдің жекелеген иеленушісі сөзіне тән формалдық және стилистикалық ерекшеліктердің жиынтығы» ретінде анықталады [8, 171]. Ғалымның пікірі бойынша, идиолектті тар және кең мағыналарда қарастыруға болады. Кең мағынасында тіл жүйесін идиолекттер негізінде зерттеу, яғни «сол тілдің индивид сөзінде жүзеге асырылуы, сөйлеуші тарапынан туындайтын және лингвист тарапынан тіл жүйесін зерттеу мақсатында қарастырылатын мәтіндер жиынтығы». Ал тар мағынасында, тіл иеленушілерінің өзіне тән

сөйлеу ерекшеліктері ретінде анықталатын идиостиль немесе идиолект ұғымдары поэтикада қарастырылып, «тілдің жалпы және индивидуалдық сипаттарының арақатынасы» зерттеледі [8, 171].

Біздің ойымызша, «сол тілдің жекелеген иеленушісі сөзіне тән формалдық және стилистикалық ерекшеліктердің жиынтығы» ретінде анықталатын идиолект, ғалым көрсеткендей, тіл жүйесін, сондай-ақ «тілдің жалпы және индивидуалдық сипаттарының арақатынасын» зерттеумен бірге, тілдік тұлғаны сәйкестендіруде, мәтін атрибуциясында маңызды деп ойлаймыз.

Тілдік тұлға сөзінің индивидуалдық ерекшеліктерінің анонимді және псевдонимді мәтіндердің авторларын анықтау мәселесімен тығыз байланыста әдебиеттану, сондай-ақ тіл білімі ғылымдарында ертеден қарастырылып келе жатқандығын Г.Г. Матвеева [3, 18] атап көрсетеді.

Осы тұрғыдағы, яғни текстологиялық атрибуцияның міндеті шынымен бар авторлардың, ойдан шығарылған авторлардың, белгілі бір тарихи тұлғалардың әдеби шығармаларының жасанды нұсқаларын зерттеуден, сондай-ақ жасырын немесе бүркеніш атпен жарық көрген әдеби туындыларды зерттеуден басталады.

Тілді қылмыстық зерттеуде – жасырын атпен түсетін түрлі арыз-шағым, бопса, қорқыту мазмұнындағы т.б. хаттардың авторларын анықтауда атрибуция тәсілдерін қолдану Ресейде 60 жылдардың аяғында Э.У. Бабаеваның еңбектерінде көрініс тапқан [2, 68].

Анонимді немесе псевдонимді шығармалардың атрибуциясы олардың авторлығын анықтау тұрғысынан қарастырылады.

Жазбаша мәтін (қолжазба немесе баспа) дәстүрлі түрде авторлық сараптаманың нысаны болып табылады. Бұл тұрғыда мәтін авторының сәйкестендіруі (идентификация) мен диагностикасы жүзеге асырылады, оның әлеуметтік және психологиялық сипаттамаларын анықтау, серіктес авторлық дерегін анықтау, мәтіннің айырықша жағдайларда орындалуы, плагиат дерегіне байланысты мәтіндік алыс-берістерді анықтау т.б. жүзеге асырылады [9]. Бұл пікірден көріп отырғанымыздай, мәтіннің атрибуциясы тілдік тұлға сәйкестілігін жүзеге асыру үдерісімен тікелей байланысты екенін көреміз. Сондықтан атрибуцияны белгілі бір дәрежеде идентификацияның нәтижесі ретінде қарастыруға болады деп ойлаймыз.

Тілдік тұлғаның сәйкестілік және атрибуция ұғымдарымен байланыстылығы мына тұрғыдан түсіндіріледі: мәтін – бұл өз авторының танылу формасы, бұдан да нақтырақ айтқанда, өз авторының ішкі құбылыстары, сана-сезімі т.с.с. тұрғысынан жан жақты танылуы деуге болады. Өйткені тілдік тұлға – «өзгеріске түсіп, түрленген психикалық, әлеуметтік және этикалық т.б. компоненттерді өз бойында қамтыған тұлғаның өз сөзі (сөйлеу), дискурсы барысында толыққанды танылуы» [10, 193]. Бұл тілдік тұлғаға оның өз сөзі арқылы психикалық, әлеуметтік және этикалық т.б. компоненттер тұрғысынан сәйкестендіре отырып, диагностика жасауға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Тілдік тұлғаның жоғарыда Ю.Н. Караулов көрсеткен сипаттарынан басқа басты белгілерінің бірі ретінде әлемнің тілдік бейнесімен, сөйлеу жосығының (речевое поведение) стратегиясымен, тактикасымен тендестіріліп (бірдейлестіріліп) жүрген тілдік санасының және тілдік сана-сезімінің болуы аталып өтеді. Сондай-ақ, адамның өз тілдік әдебін, сөйлеу жосығын ұғына, терең түйсіне отырып, тілдік сана-сезімі тұрғысынан өзін айқындауын, бұдан рефлексивті дискурс базасында тілдік тұлғаның гендерлік сипатының тұтас қатарын анықтауға, сондай-ақ оның тілдік сәйкестілігін жаңғыртуға болатыны айтылады [11, 93].

Біздің ойымызша, рефлексивті дискурс базасында я ауызша сөзі немесе жазбаша тілі негізінде тілдік тұлғаның гендерлік сипатының тұтас қатарына я тілдік сәйкестілігіне байланысты болжамдармен бірге, басқа да көптеген индивидуалдық тілдік белгілері жиынтығында сәйкестікті жүзеге асырып, мәтін атрибуциясы мәселесі шешіміне қолдануға болады.

Әдебиеттер:

1. Наумов В.В. Лингвистическая идентификация личности. – М.: КомКнига, 2006. – 240с.

2. Бабаева Э. У. К проблеме отождествления личности по признакам письменной речи // Правоведение. Л.: Изд-во ЛГУ, 1968. № 5. 124—128.
3. Матвеева Г.Г. Скрытые грамматические значения и идентификация социального лица ("портрета") говорящего // Автореферат докт. дис. СПб., 1993.
4. Грачев М. А. Лингвокриминалистика. – Нижний Новгород, 2009. – 280с.
5. Рябцева Н.К. Язык и естественный интеллект / РАН Институт языкознания. – М.: Academia, 2005.
6. Шайкенова Л.М. Рефлексивная лингвистика. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 200 с.
7. Бакуменко О.Н. Лексиконы билингва в ситуации автоперевода: На примере мемуарных книг В. Набокова: дисс.канд.филол.н. – Курск, 2006.
8. Виноградов В.В. «Проблема авторства и теория стилей». – М., 1969.
9. Галяшина Е.И. и др. Диагностика личности человека по фонограммам устной речи. Учебное пособие. – М., 1993.
10. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 264 с.
11. Треблер С.М. Женский и мужской язык в аспекте гендерной идентичности // Язык и идентичность: Междун.конф. «Ахановские чтения» под эгидой МАПРЯЛ (Материалы докладов и сообщений) / – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 362.



СОЦИО-КУЛЬТУРНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА В АСПЕКТЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

Жанбаров Н.А., Мадиебаева С.К.

Кызылординский государственный университет им. Коркыт-Ата

Кызылорда, Казахстан

nurramazan@mail.ru

Nowadays the main goal of mastering a foreign language is the introduction of an individual to other culture and his participation in the dialogue of cultures. Such goal is achieved by means of developing abilities of a learner to intercultural communication. The effective form of teaching intercultural communication is considered to be project lessons which enable the students to show their creative work, to feel responsibility while getting ready for the project. It also gives an opportunity to practice the gained theoretical knowledge. The object of effort is the formation process of intercultural communications in learning foreign languages and translation study. Translation is complex, multifaceted notion, that demands from the specialist not only perfectly know the language, but also ability in recognizing semantic, stylistic meaning of written and spoken language; knowing history of the language, history itself and cultural developing of society. In the informative society translation enables to improve speech culture and reveal the learners' natural talent and abilities.

Key words: intercultural communication, translation, stylistic meaning, social, cultural, foreign language

В процессе исследования проблемы мы сможем повысить уровень знаний не только в английском языке, но и в культурологии, социологии, религии и так далее. Ведь культура и язык – сообщающиеся сосуды. Культура, социальное устройство общества, человек и язык – неразрывно связаны. Но сначала нужно заметить, что данный аспект перевода является очень старой и хорошо известной и изученной проблемой, но несмотря на это и очень молодой. Эта черта – уникальная особенность данного предмета изучения. Человек развивается и развивает культуру. И язык развивается вместе с ними, например. Новые направления в искусстве породили множество новых слов. Социальное устройство общества